

Бекітемін

«Ақмола облысы білім басқармасының  
Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы  
Көкшетау қаласының «Zerek» балабақшасы» МКҚК  
менгерушісі: А.И Каппасова

9 2021 ж.

**Тілдер мерекесіне арналған жоспар**

№	Іс-шаралар атауы	Өткізілетін күні	Жауаптылар
1	«Менің сүйікті ертегім» кітап көрмесін ұйымдастыру, ертегі оқу (ортаңғы топтар)	08 қыркүйек	Ортаңғы топтар Акантаева А.А Сабиева Н.Ж
2	Инстаграммға бейне таспа «Бала тілі -бал»	09 қыркүйек	Альпеисова Г.А Нурбекова А.С
3	«Менің сүйікті ертегім» сурет байқауы (ересек топтар)	10 қыркүйек	Шығармашылық топ. Курманғалиева Ф.К
4	«Тіл-тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз!» тақырыптық сабақтар	14 қыркүйек	Мектепалды даярлық топтары Жиғанбай С Ахметова Ж.Е Курманғалиева Ф.К Ескараева Л.А
5	«Ұлттық ойындар күні» (спорттық іс-шара)	15 қыркүйек	Кибатова Б.Ж. Аскарова Н.О
6	«Өзге тілдің бәрін біл - өз тіліңді құрметте» атты мақала БАҚ беттеріне жариялау	16 қыркүйек	Орыс тілі мұғалімі Капарова Ж.У
7	«Ана тілім-ардақтым!» мәнерлеп оқу байқауы	16 қыркүйек	Капарова Ж.У. Нурбекова А.С.
8	М.Жұмабаев Ақмола облыстық кітапханаға саяхат	21 қыркүйек	№7 «Ботакан» мектепалды даярлық топ тарбиешілері Бейсенбаева А.О Жиғанбай С Нурбекова А.С.
9	«Туған күніңмен, сүйікті балабақшам!» Ән-шашу кеші	22 қыркүйек	Раева М.М. Алпысова А.Ж.

Өтетін күні: 17.09.21

Өтетін орны: Музыка залы

Өтетін уақыты: 13.30

**Дөңгелек үстел тақырыбы:** «Тіл- халқымның тірегі»  
**Мақсаты:** Мемлекеттік тілге деген қызығушылық таныту. Тілге деген логикалық және сыни ойлауды дамыту, ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

**Көрнекілігі:** фразеологизмы в картинках, банер, видео- ролик.

**Түрі:** Дөңгелек үстел

**Дөңгелек үстел барысы:**

**1- Жүргізуші:**

Қайырлы күн құрметті әріптестер! Бүгінгі дөңгелек үстелге жиналған қонақтар, тіл жанашырлары! Сіздерді өткір тілді, дархан пейілді, қазақ елінің «Тілдер мерекесі» күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

**2- Жүргізуші:** Тіл апталығы аясында өткізіліп отырған «Тіл- халқымның тірегі» дөңгелек үстеліне қош келдіңіздер!  
Бүгінгі дөңгелек үстелге 2 команда қатысады «Қауырсын» және «Ана тілі» командасы, олай болса командалар өздерін таныстырып өтсін. Ортаға

**1- Жүргізуші:** «Қауырсын» командасын қошеметпен шақырамыз. «Қауырсын» командасын ортаға қошеметпен жайғасыңыздар. «Ана тілі» командасын ортаға қошеметпен шақырайық.

**2- Жүргізуші:** «Ана тілі» командасына рахмет, орындарыңызға жайғасыңыздар.

**1- Жүргізуші:** Іс- шарамызды бастамағ бұрын «Қазақ ойшылары тіл туралы» тақырыбына арналған видео- роликті тамашалайық!

**2- Жүргізуші:** Жамиля Уалихановна «Ана- тілінде дән де мән де болу керек» демекші бүгінгі дөңгелек үстелімізде талқыланатын сұрақтарға көңейік, экранға назар аударыңыздар.

**1- Жүргізуші:** Дөңгелек үстеліміздің бірінші сұрағы

1. Мемлекеттік тілдің қазіргі таңдағы жағдайы қандай? Бұл жерде сіздер тілдің қазіргі таңдағы жағдайы жайлы өз пікірлеріңізді, ойларыңызды білдіресіздер. Екінші талқыланатын сұрақ:

2. Мақал- мәтелді жалғастыр. Әр командаға 4 мақалдың басы беріледі ал сіздер оның толық нұсқауын табу керексіздер. Орындау уақыты 2 минут. Үшінші сұрақ

3. Фразеологизмы в картинках. Сурет бойынша тұрақты сөз тіркестер орыс тілінде айтып беру.

Төртінші сұрақ

4. Тілге деген құрметіңізді қалай жеткізесіз? Бұл жерде сіздер монолог немесе өлең шуммақтарын оқуларыңызға болады.

**2- Жүргізуші:**

Ендігі кезекте командалар сіздерге сөз беріледі. Бірінші сұрақ бойынша «Қауырсын» тобының жауабын тыңдайық.

**1-Жүргізуші:** Өте тамаша, мемлекеттік тілдің қазіргі жағдайы жайлы терен ой- пікірлеріңізді білдірдіңіздер, келесі сөз кезегі «Ана тілі» командасында.

**2- Жүргізуші:** Рахмет, «Ана тілі» командасы да бұл сұраққа өте тамаша жауап берді.

**1-Жүргізуші:** Алтынай Серикбаевна, Сөздің көркі – мақал демекші келесі сұрағымызға көшейік.

(қатысушыларға мақал- мәтелдің басы жазылған парақтар таратылады)

Қауырсын командасы

1. Тіл мәртебесі – (ел мәртебесі.)

2. Тілі өлген ел - (тірі өлген ел)

3. Тіл - өлшеусіз қазына, (өрісі кең әлем.)

4. Өз тілің - бірлік үшін, Өзге тілің – ( тірлік үшін)

«Ана тілі» командасы

5. Тіл сүйексіз болса да, (сүйектен өтеді)

6. Тіл қоса алар жер мен көктің арасын, (тіл айырар анасының баласын.)

7. Тіл ақылдың –( өлшемі)

8.Тіл жүйрік емес, (ой жүйрік)

**2- Жүргізуші:** Құрметті қатысушылар! Уақыт аяқталды, дайын команданы ортаға шақырамыз. (Командалар жауаптарын оқиды, экранда дұрыс жауабы шығып отырады)

**1-Жүргізуші:** -Жамиля Уалихановна, қатысушылар мақал- мәтелдерді жақсы біледі екен, ендеше келесі сұрағымызға көшейік. Фразеологизмы в картинках

Сурет бойынша тұрақты сөз тіркестер орыс тілінде айтып беру. Сіздер назарларыңызда 4 тұрақты сөз тіркесі, екі жоғарғы сурет бойынша «Қауырсын» командасы жауап береді, төменгі екі суреттер бойынша «Ана тілі»командасы жауап береді.

**1- Жүргізуші:** Өте тамаша, тұрақты сөз тіркестерінде жақсы біледі екенсіздер. Білімдеріңіз өте жоғары деңгейде, келесі кезекте сіздер тілге деген құрметтеріңізді қалай білдіресіздер соны тамашалайық. Сөз кезегі Қауырсын командасында беріледі.

**2- Жүргізуші:**

Құрметті қатысушылар, қонақтар бүгінгі Тілдер күніне арналған іс-шарамыз өз мәресіне жетті. Дөңгелек үстелімізді қорытындысын жасау сөз кезегі балабақша меңгерушісі Аяғоз Имангазиевна Каппасоваға беріледі.

**1-Жүргізуші:** Құрметті қатысушылар, бүгінгі іс-шараға қатысқап зияткерлік және танымдық қабілеттеріңізді көрсеткендеріңіз үшін көп рахмет, сіздерге тіл мамандарынан кішкентай сыйлығымыз бар, қабыл алыңыздар.

**2-Жүргізуші:**Қазақ тілі – нағыз қазақ барда еш уақытта жоғалмайды. Ана тілімізге деген құрметімізді арқашан көрсете білейік.

## Дөңгелек үстел тақырыбы: «ТІЛ – ХАЛҚЫМНЫҢ ТІРЕГІ»

**Мақсаты:** Мемлекеттік тілге деген қызығушылық таныту, Қазақстан халықтарының тілдеріне деген сүйіспеншілікті дамыту.

Тілге деген логикалық және сыни ойлауды дамыту, ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;

**Көрнекілігі:** слайд, банер

**Түрі:** Дөңгелек үстел

### Дөңгелек үстел барысы:

#### 1-і Жүргізуші:

Қайырлы күн! Құрметті бүгінгі дөңгелек үстелге жиналған қонақтар, тіл жанашырлары! Сіздерді өткір тілді, дархан пейілді, қазақ елінің «Тілдер мерекесі» күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бүгінгі дөңгелек үстелге қатысатын II команданы ортаға шақырайық. Өз командаларыңызды таныстырып өтіңіздер!

(Командалар ортаға шығады өздерін таныстырады)

#### 2-і Жүргізуші:

Дүбірлетсін өңірді,

Дүрілдетсін дүлдүлі.

Қазақ деген елімнің

Құтты болсын, бұл күні!- дей отырып бүгінгі іс- шарамызды ашу үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұраны орындалсын.

( Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады.)

**1- Жүргізуші:** Тіл апталығы аясында өткізіліп отырған «Тіл- халқымның тірегі» дөңгелек үстелге қош келдіңіздер!

Іс- шарамызды бастамас бұрын «Қазақ ойшылары тіл туралы » тақырыбына арналған слайдқа назар аударайық.

**2- Жүргізуші:** Құрметті әріптестер! Дөңгелек үстелде талқыланатын сұрақтар: (экранда)

1. Мемлекеттік тілдің қазіргі таңдағы жағдайы қандай?

2. Тілдің қасиеті Өйін түрінде өткізіледі, суреттегі бейнеленген затты сипаттау, сөйлем құрастыру (ҰОҚ барысындағы өзіңіздің әдісі ).

3. Мақал- мәтелді жалғастыр.

4. Фразеологизмы в картинках.

5. Тілге деген құрметіңізді қалай жеткізесіз? (олең- шумақтарымен, монолог)

**1-Жүргізуші:** Дөңгелек үстелімзді қорытындысын жасау сөз кезегі балабақша меңгерушісі Аяғоз Имангазиевна Каппасоваға беріледі.

Меңгерушінің сөзі

#### 2- Жүргізуші:

Бүгінгі Тілдер күніне арналған іс- шарамыз өз мәресіне жетті. Қазақ тілі – нағыз қазақ барда еш уақытта жоғалмайды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев

Білім беру саласы: Қатынас.

Мақсаты: Балаларды өз тілін құрметтеп орыс және ағылшын тілін үйренуге қызығушылықтарын арттырып, Қазақстан Мемлекетінде тұрған халықтарды татулыққа және сабырлы болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Суреттер, теледидар, бейнеcлайдтар, автобус.

Әдіс-тәсілдер: Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, ойын, тапсырмаларды орындау.

Қостілдік компонент: «Өз үйім – өлең төсегім», «East or west, home is the best».

Сабақ барысы:

Балалармен үш тілде амандасу. Сәлеметсізбе – здравствуйте - good morning! (балалар үш тілде амандасады).

Балалар мен сендермен үш тілде амандастым. Біздің ғаламшарда қанша ұлт тұрады, сонша да тіл бар, әр ұлттың ана тілі бар.

Сабағымызды әнұраннан бастаймыз.

Балалар бүгін тіл мерекесі. Бұл мерекені елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 22 қыркүйек тіл мерекесі деп аталып өтілсін деген. Бірақ біраз өзгерістер енгізілгеннен кейін 5 қыркүйек тіл мерекесі деп өзгертілген.

Абылайхан:

Қазақ тілім бас иемін мен саған

Тілге деген болу керек кең талғам

Мемлекеттік тілімізді сыйлайсақ

Қазақ тілі біздер үшін жаралған

Әлем:

Ана тілден аламын

Ақыл ойын адамның

Ана тілім ардақты

Ақ сүтіндей анамның

Өсірген ой білімді

Сүйем туған тілімді

Мақсат етем әр сөздің

Мәнін терең білуді

Жарайсындар!

Мақал-мәтел:

1.Тіл тас жарады,

Тас жармаса бас жарады.

2.Ойнап сқйлесең де,

Ойлап сөйле.

3.Сөз сүйектен өтеді,

Таяқ еттен өтеді.

4.Өнер алды – қызыл тіл

5. жақсы сөз- жарым ырыс.

Балалар әр ұлттың өзінің ана тілі бар, ұлттық тағамы бар, ұлттық ойыны бар және ұлттық биі бар.

Біздің ұлттық биіміз қамажай, кара жорға болса, қалған ұлттарда басқа.

Бәріміз бейбітшілікте, татулықта және сабырлыққа тұрсақ, әр халықтың мәдениеті дамып салт дәстүрлері сақталынады. Әр халықтың өзінің ұлттық ойыны бар.

Біздің, яғни қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі «Тақия тастамақ».  
Балалар ойын ойнайды.

Балалар;

Ана тілің арың бұл

Ұятың боп тұр бетте,

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тілінді құрметте....

Авторы: Қадыр Мырзалиев

Балалар кезекпен қағазды алады .

1-ші сұрақ: Бүгін қандай мереке?

Балалар: Бүгін тіл мерекесі.

2-ші сұрақ: Балалар сендер неше тілде сөйлей аласыңдар?

Балалар: Үш тілде, қазақ, орыс, ағылшын.

3-ші сұрақ: Қазақстан Республикасының астанасы қай қала?

Балалар: Астана.

4-ші сұрақ: Үш тілде қалай қоштасамыз?

Балалар осымен тіл мерекесіне арналған сабағымыз аяқталды.

Сау болыңыз – до свидания – good bye!